отечества и Дня Победы, по инициативе военной кафедры, при взаимодействии с Департаментом образования города Алматы организовано проведение военно-патриотической игры «Сарбаз» на Кубок Ректора КазНУ имени Аль-Фараби. На военно-патриотическую игру «Сарбаз» привлекались лучшие школы от всех районов города. На регулярной основе организуются и проводятся Уроки Мужества и чествования ветеранов Вооруженных Сил, ветеранов войск ПВО Сухопутных войск, ветеранов войны в Афганистане, а также благотворительные акции студентов в Доме престарелых. Активно ведется информационно-имиджевая работа, студентами и преподавателями военной кафедры за прошедшие годы подготовлено и опубликовано более 250 статей и информационных материалов в газетах «Сарбаз», «Қазақ университеті», «Вечерний Алматы», «Литер» и информационных сайтах. Необходимо отметить, что ежегодно, в преддверии двух знаменательных праздников – Дня защитника отечества и Дня Великой Победы, военная кафедра и Музей университета совместно проводят творческий конкурс «Наследники батыров!» На конкурсе, студенты представляют творческие номера, презентации, читают стихи патриотической направленности. В целях повышения имиджа Вооруженных Сил Республики Казахстан военной кафедрой с февраля по май месяц проведена патриотическая акция «Батыры земли казахской!» – рассказал о проделанных работах начальник цикла воспитательной и идеологической работы подполковник Владимир Воронин.

Коллектив Военной кафедры НАО «КазНУ имени Аль-Фараби» нацелен на достойное выполнение задач по подготовке высококвалифицированных военных специалистов, настоящих патриотов своей Родины – Республики Казахстан! С праздником, господа офицеры Военной кафедры!

Кайржан ТУРЕЖАНОВ

Фото Айтжан МУРЗАНОВ

наук, полковник запаса Олег Ажимов.

Важное место в деятельности военной кафедры занимает военно-патриотическая работа со студенческой и школьной молодежью. Военно-патриотическое воспитание является неотъемлемой частью становления молодого поколения граждан Казахстана. Объектом военно-патриотического воспитания являются студенты, обучающиеся на военной кафедре и школьники города Алматы. Военно-патриотическая работа на военной кафедре проводится в тесном взаимодействии с «Советом ветеранов Вооруженных Сил по городу Алматы», ОО «Казахстанские ветераны войск противовоздушной обороны в городе Алматы», филиалом Национального военно-патриотического центра в городе Алматы, филиалом Государственного военно-исторического Музея Вооруженных Сил РК в городе Алматы.

Ғұмыры ғибратты ғалым



Әдебиет сыншысы, публицист, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР еңбегі сіңген қайраткер, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, еліміздің ғылымы мен технологиясының дамуына қосқан зор үлесі үшін тағайындалатын мемлекеттік стипендия иегері, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының құрметті азаматы Мырзатай Серғалиев, көзі тірі болғанда, биыл 85 жасқа толар еді.

Қара шаңырақ ҚазҰУ-да Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі Анар Салқынбайқызының ұйымдастыруымен сан-салалы қазақ тіл білімі мен ғылымына ғұмырын арнаған Мырзатай Серғалиевтің мерейтойына арналған «Қазақ ой өрнегінің сарашысы» атты дөңгелек үстел өтті. Ғалымдар мен ғалымның шәкірттері баяндама жасап, тамаша естеліктер айтса, магистрант студенттер ғалымның тіл және әдебиетке қатысты филологиялық зерттеулерінің ең маңызды бөлігіне ғылыми-шығармашылық талдау жасады.

Мырзатай Серғалиев 1938 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының «Жаңа-жол» елді мекенінде дүниеге келді. Үш жасында әкесі қан майданға аттанып, анасы мен әжесінің тәрбиесінде өсті. 1955 жылы Қараоба орта мектебін бітірді. Бала арманы орындалып, 1955 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің студенті атанды. 1960 жылы қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы мамандығын алған ол осы университеттің Қазақ филологиясы кафедрасына ассистенттік қызметке қалды. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының екі тілді сөздік және терминология бөлімінде кіші ғылыми қызметкер болған жылдары да (1966-68) кафедрадан қол үзген жоқ. Ұстазы, профессор М.Балақаев шәкіртінің ғылыми дәрежесінің болмағанына қарамастан, қосымша оқытушылық жүктеме берген еді. 1968 жылдан осы университеттің Философия кафедрасында аға оқытушы болып жүрген оны ұстазы 1971 жылы өзінің сол кездегі Қазақ филологиясы кафедрасына шақырды. Бұған дейін ғалым 1967 жылы «Қазақ тілін-

дегі етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған еді. Ал «Синтаксистік синонимдер» монографиясының негізінде 1988 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Содан 1999 жылға дейін өзі білім алған университетте профессор, кафедра меңгерушісі, факультет деканы қызметін атқарып, ұстаздық-ұйымдастырушылық жолдан өтті. 1989-99 жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазМУ жанындағы қазақ тілі мен орыс тілі мамандықтары бойынша кандидаттық (кейін докторлық) диссертация қорғайтын мамандандырылған кеңестің төрағасы болды. Осы уақыт ішінде сегіз докторлық және 90-нан астам кандидаттық диссертация қорғалды.

Мырзатай Серғалиевтің 1999-2008 жылдар аралығында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде алдымен Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, профессор қызметін атқарды. Ғалымның ұсынысымен кафедрада аспирантура мен магистратура бөлімдері ашылды. 2000 жылдан бастап университет жанынан М.Серғалиевтің басшылығымен қазақ тілі мен орыс тілінен кандидаттық диссертация қорғайтын диссертациялық кеңес жұмыс істеді. М.Серғалиев 30 жылдан астам уақыт ҚазҰУ-дың, кейін ЕҰУ-дың студенттеріне қазақ тілінің стилистикасынан дәріс оқыды. Ол – қазақ тіл біліміндегі танымал синтаксис мамандардың бірі ретінде ана тілін ардақтап, әдебиетін өспеттеген ғалым.

М.Серғалиев тіл мен әдебиетті тел емген ғалымдар тобын дайындап шығарды. Синтаксис пен стилистика саласына қатысты кандидаттар ғана емес, докторлық диссертациялар қорғауға жетекшілік жасады. Мырзатай Серғалиевтің дайындаған ғалымдар осы күні республиканың түкпір-түкпірінде қазақ ғылымына зор үлес қосып келеді.

Көрнекті ғалымның қазақ тілінің синтаксисі мен стилистикасына арналған «Синтаксистік синонимдер» (1981), «Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» (1991), «Синтаксис және стилистика» (1997), «Синтаксистік зерттеулер» (2004), тіл мәдениеті және көркем әдебиет тілі туралы «Қазіргі қазақ әдеби тілі (морфология, синтаксис), (телавт., 1991), «Көркем әдебиеттің тілі» (1995), «Қазақ тілі мәдениеті» (М.Балақаевпен бірге, 1995, 2004) және тағы көптеген оқулықтың авторы.

«Сөз сарасы», «Көркем әдебиет

тілі», «Кең өріс», «Ой өрнегі» сияқты сыни талдау кітаптары эстетикалық талғамға тәрбиелейтін кітаптар ретінде көзіқарақты оқырманның лайықты бағасын алған.

Мырзатай Серғалиев сөздік жасаушы ғалым ретінде де танымал. «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» (1996) сөйлеу тілінің сұлулығы мен тазалығын сақтауға көмек беретін негізгі ғылыми дүние. Ал аударма сөздіктер екінші тілді оқып үйренуге, тілдерді оқыту, үйрету процесінің тиімді жолға қойылуына тікелей ықпал етеді. М.Серғалиевтің – орысша-қазақша сөздік құрастырушы. Мәселен, «Орысша-қазақша сөздік» пен «Қазақша-орысша сөздікті» (2004) оқырман қауым зор ықыласпен пайдалануда. Профессор М.Серғалиевтің лингвистика саласындағы зерттеулері стилистика мен тіл мәдениеті саласына арналған. Ұстазы, көрнекті ғалым М.Балақаевпен бірге «Қазақ тілінің мәдениеті» оқулығының (1995, 2004, 2006) «Тіл мәдениетінің негізгі сапалары» атты тарауын жазды. «Сөз өнері» (1978), «Жазушы және сөз мәдениеті» (1983) сияқты академиялық жинақтарында мерзімді, ғылыми баспасөз беттері мен республикалық конференцияларда өзекті жайларды сөз ететін пікірлері де осы мәселені қозғайды.

Көп жылдар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да стилистика пәнінен дәріс жүргізді. «Стилистика негіздері» атты оқулық жазды. Ұстазы М.Балақаев зерттеген синтаксис, сөз тіркесі, орфография, емле, тіл мәдениеті, қазақ әдеби тілінің мәселелері, стилистика саласына қатысты ғылыми бағыттарды ары қарай дамытты. Ол өзінің ғылымдағы ұстазының «ана тілін сүйіңдер», «ана тілінің мәдениетін көтеріңдер» деген қағидасын адал орындаған шәкірті.

М.Серғалиевтің өнегелі өмірі мен ғылымдағы ғибратты ғұмыры жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Ғалым ғылым саласында, күнделікті өмірінде ғылымның қия шыңын бағындыруға, заман талабына сай ізденістерімен оның бағдарын көзінен таса етпеді. Қоғамдағы тіл мен әдебиетке қатысты руханиятымыздың алуан мәселесін бақылап жүретін сергек жан еді. Ғылым мен білімнің үзік сырларын әдебиет сыншысы, тілші ғалым, публицист ретінде де жазып, қалың оқырманға жеткізуді ұмытпайтын.

Дина ӘЛКЕБАЕВА,
ҚазҰУ-дың профессоры

Шығарылған өнімнің де, көрсетілген қызметтің де сапасы әлемдік стандарт талаптарына сай болуы қажет. Мәселен, болашақ білікті мамандардың негізі жоғары оқу орындарында қаланатыны баршаға аян. Сондықтан сапа мәселесін ЖОО-да білім алып жатқан жастардың санасына сіңіру күн тәртібінен түспеуі тиіс. Себебі сапа мықты болу үшін сапалы маман даярлау қоғам алдындағы өзекті мәселе екені жасырын емес.

Нормативтік құжаттарды түпнұсқадан аудару - өзекті мәселе

Сапалы бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілік жасаудың да, осы саланың мамандарын даярлаудың да сапасы бүкіл әлем таныған ортақ құжат – Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары кеңесі (IASB) қабылдаған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ХҚЕС) талаптарына сай болуға тиіс. Яғни жоғары оқу орындарында «Есеп және аудит» мамандығын оқыту үрдісі ХҚЕС талаптарына сай болуын талап етеді.

1973 жылы құрылған Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі комитет (IASC) Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары (IAS) сериясын енгізді. Ал 2001 жылы өмірге келген Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары кеңесі (IASB) IAS стандарттарын қабылдауға және оны болашақта ХҚЕС (IFRS) сериясы бойынша жетілдіріліп ұсынылатын стандарттарды «Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты» деп атауға келісті. ХҚЕС (IAS) сериясы бойынша қабылданған стандарттар жетілдіріліп, ХҚЕС (IFRS) стандарттарымен алмастырылады деген шешім қабылданған болатын. 2001 жылға дейін ХҚЕС (IAS) сериясымен қабылданып, қолданысқа еніп, ұсынылған 41 стандарттың қазіргі кезде 18-і ХҚЕС (IFRS) сериясы бойынша жетілдіріліп, қолданысқа енгізілді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, бүкіл әлемде есеп жүргізу және қаржылық есептілік жасаудың сапасы ХҚЕС талаптарына сай болуын қатаң талап етеді. Жоғары оқу орындарында негізі қаланатын болашақ мамандар оқу үрдісінде ХҚЕС талаптарын зерделеп-зерттеп бойына сіңіруі тиіс. Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары кеңесі (IASB), ХҚЕС эксклюзивті құжат болып табылатындықтан, түпнұсқада ағылшын тілінде қолдануды қатаң талап етіп ескертті. Кезінде талапты сақтамаған кейбір ТМД елдерімен даулы кикілжіңдер де болған. ХҚЕС аудармасын алғаш болып Ресей ұсынған-тын. Шынын айту керек, біз де сол Ресейде тәржімаланған аудармасын мемлекеттік тілге аударып қолданып келдік. Түпнұсқадан аударылған орысшасының да, орысшадан тікелей аударылған қазақшасының да сапасы сын көтермейтіні, орыс тіліндегі мәтін мен қазақ тіліндегі мәтінді салыстырған кезде мазмұн-мағынасының сәйкес келмейтін тұстары көзге айқын көрініп тұрды. Түпнұсқадан орысшаға, орысшадан қазақшаға аударған аудармашылардың басқа мамандықтың өкілдері екені анық байқалды.

Студенттер, магистранттар, докторанттар мен жас оқытушы-



ларға ХҚЕС-ті мемлекеттік тілде игеру қиындық туғызып келді. Сондықтан осындай өзекті мәселе ҚР Қаржы министрлігі тарапынан Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (ХҚЕС) түпнұсқадан осы саланың және тіл мамандарының қатысуымен сапалы аудармасын ұсыну шешімін тауып, қамтамасыз етілуі тиіс деген өтініш-пікірімізді қаржы министрінің назарына ұсынып болатынбыз. Ұсыныстың негізді екенін түпнұсқадан аударылып, нәтижесін беріп, игілігін көріп отырған «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағдарламасы дәлелдей түсетіні шүбә келтірмейді.

Мақалада көтерілген мәселенің ҚР Премьер-министрінің орынбасары Е.Жамаубаев басқарып отырған Қаржы министрлігінің тарапынан қолдау тауып, ҚР Қаржы министрлігінің 21 шілдедегі (2022 ж.) №741 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлердің әдеп кодексін соңғы нұсқасына сәйкес, ағылшын тілінен қазақ және орыс тілдеріне ХҚЕС, ХАС ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару жөніндегі жұмыстарды қабылдауға арналған комиссия құрамына» Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономика және бизнес жоғары мектебі Қаржы және есеп кафедрасының бір топ оқытушылары, экономика ғылымының кандидаттары, қауымдастырылған профессорлар Б.Сұлтанова, Г.Нұрғалиева, Ж.Оралбаева, PhD докторы Г.Жүнісова, аға оқытушы А.Арыстанбаева еніп, Халықаралық аудит стандарттарының (ХАС) мемлекеттік тілге аударылған мәтінін редакциялап, 2022 жылдың 15 қарашасында комиссия шешімімен қабылдануына сүбелі үлес қосқаны үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Ж.Түймебаевтың атына алғыс хат келді. Бұл жұмыстың Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (ХҚЕС) түпнұсқадан мемлекеттік тілге аудару бойынша жалғасын тауып жатқаны қуантады. «Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей, ынтымақтастықта атқарылып жатқан осындай жұмыстардың білім сапасының артуына нәтижелі ықпал ететіні күмәнсіз.

Мәди БАЙДӘУЛЕТОВ,
Қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы, Э.Ф.К.

Білім мен тәжірибемізді шыңдап қайттық

Қазақ ұлттық университеті физика-техникалық факультетінің «Стандарттау және сертификаттау» мамандығының төртінші курс студенттері Ресейде академиялық ұтқырлық бойынша шетелдік тағылымдамада болып қайттық. Біз Санкт-Петербур Ақпараттық технологиялар, механика және оптика ұлттық зерттеу университетінде білім алдық.



мен бірге техникалық білімі, басқару дағдылары мен жұмыс тәжірибесі қалыптасқан деп толық айта аламыз. Университеттен кейін бірден жұмыс істеуге дайын, белсенді өмірлік ұстанымы, инновациялық және креативті ойлай білетін менеджерлерді дайындайды. 1857 жылы салынған, өте көне, тарихи ғимарат саналатын Строгановтар сарайында білім алдық.

Біз негізінен төрт пән бойынша білімімізді шыңдадық: «Технологиялық инновацияларды басқару», «Инновацияға инвестицияларды жоспарлау», «Инновациялық қызметтегі шығындарды басқару модельдері», «Инновацияның әлеуетін талдау және бағалау». Ал «Деректер базасы және сараптамалық жүйелер», «Стандарттарды әзірлеу технологиясы», «Кәсіпорынның сапа жүйесін сертификаттау» деп аталатын үш пәнді қашықтан оқыдық.

«Технологиялық инновацияларды басқару» пәнінде студенттер бизнес, маркетинг, көлік

болып саналады. Анығында, ғылым инвестициялауды басқару ғылымы және қаржы ғылымдарымен тығыз байланысты, оның ішінде менеджмент, экономикалық теория, философия, әлеуметтану, саясаттану, экономика, экологиялық талдау және статистикамен ұштасады.

«Инновациялық қызметтегі шығындарды басқару модельдері».

Инновациялық қызметтің ауқымы кәсіпорынның инновацияға жұмсайтын шығындарының мөлшерімен анықталады. Ресурстардың шектеулі жағдайында инновациялық қызметке шығындарды басқарудың сапалы жүйесін құру мәселесі ерекше өзектілікке ие. Оның мәні өнімнің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде шығындарды есептеу, есепке алу, бақылау және талдау. Шығындарды басқару құралы ретінде TLCC жүйесінің инновациялық өнімдердің шығынын жоспарлауда ерекше маңызы бар.

«Инновацияның әлеуетін талдау және бағалау» пәні әртүрлі деңгейдегі экономикалық жүйелердің инновациялық даму деңгейін өлшеуге, басқарушылық ықпалды жүзеге асыру үшін осы жүйелердің негізгі сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік беретін рейтинг құралдарын пайдалану дағдыларын қалыптастыруға

үйретеді. Бүгінде Ресейде де, шетелде де инновациялық әлеуетті өлшеу мен бағалаудың маңызды әдістері талдануда.

Оқу барысында басым пәндерді меңгеріп, түрлі салаларда ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындадық. Біліктілікті арттыру курстарынан өттік. Шетелдік іссапар барысында алған білім мен тәжірибемізді болашақта осы салада білікті маман болуымызға өз үлесін қосады деп сенеміз.


Оқудан бос уақытымызда біз басқа ұлт өкілдерінен құралған достарымызбен бас қосып, туған жеріміздің тарихымен бөлістік, бір-бірімізге ана тіліміз бен ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптедік.

Шетелде оқу біз үшін ерекше тәжірибе болды. Біріншіден, жастар өзін-өзі басқаруға, шығындарды жоспарлауға машықтанады, үй тапсырмасы сияқты міндеттерді өз мойнымызға алдық. Екіншіден, бұл ұмытылмас мәдени тәжірибе. Басқа елдердің жастарымен танысу әртүрлі көзқарасты, мәдениетті, салт-дәстүр мен өмір салтын жақсы түсінуге мүмкіндік берді.

Жанерке ЖАРҚЫМБАЙ,
Ақерке ЖАРҚЫМБАЙ,
Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының 4-курс студенттері

Қауіпті бактериямен күрес жолы - тазалық

Helicobacter pylori (Hr) – микроаэрофильді грамтеріс бактерия, белсенділігі күшті және репродуктивті қабілетке ие, асқазанда ұзақ уақыт өмір сүре алатын жалғыз бактерияның түрі. Hr ауыз қуысы арқылы асқазанға түсіп, оның шырышты қабатында таралады. Бұл гастрит, асқазан жарасы, асқазанның шырышты қабығымен байланысты лимфоидты тіндердің лимфомасы және асқазан обыры сынды әртүрлі ас қорыту жүйесінің дертіне алып келеді. Hr өңеш рефлюксінің әсері арқылы ауыз қуысына жетіп,



колонизациясы бар. Созылмалы гастритпен ауыратын науқастардың 80 пайыздан астамында Hr анықталады. Ал асқазан жарасы бар науқастарда Hr-ді анықтау 95 пайыз немесе одан да жоғары.

Hr инфекциясы бүкіл әлемде кең таралған, әр елде таралу жағдайы әртүрлі, дамушы елдерде шамамен 80 пайыз, дамыған елдердегіден айтарлықтай жоғары (шамамен 40 пайыз), Hr инфекциясы адам денсаулығына елеулі қауіп төндіріп, жаһандық қоғамдық денсаулық мәселесіне айналды.

Қазақстанда Hr-ді жалпы халықтың жұқтыру деңгейі жоғары. Ересектер арасында 40 пайыздан 60 пайызға дейін, ал 70 жастан асқандар арасында 80 пайызға дейін жетеді. Инфекция көп жағдайда отбасында таралады. Бұл Қазақстан халқының бірге отырып, бір ыдыстан тамақтану тұрмыс әдетіне байланысты. Қазір Қазақстан әлемдегі Hr инфекциясы кең таралған елдердің біріне айналды, осыған орай, көпшіліктің Hr туралы сауатын арттыру керек.

Hr инфекциясы емдеуге болатын дерт болғанымен, жұқтырған науқастардың 70 пайызында симптомсыз дамиды. Сондықтан дер кезінде диагноз қою және емдеу қиындық тудырады. Науқастардың 15-20 пайызына диаг-

ноз қойғанда оларда әлдеқашан асқазан жарасы немесе он екі бармақ ішектің ойық жарасы пайда болған, ал 1-5 пайызында асқазан обыры байқалған. Сонымен қатар Hr эрадикациялық препаратқа төзімділігі жоғары болу жағдайының жиілігі және қайталанатын емдеу сәтсіздігінің үлесі мол, сондықтан Hr инфекциясының алдын алу шараларын жүргізу өте маңызды.

Hr инфекциясымен ауыратын науқас немесе тасымалдаушы – қоздырғыштың көзі, барлық адам қоздырғышқа сезімтал. Hr адамнан адамға ауыз-ауыз (тұрмыстық жанасу), нәжіс-ауыз (ластанған су мен тағам) және асқазан-ауыз (құсықпен ластанған су, азық) арқылы беріледі. Hr негізінен отбасы ішінде таралады, ал сілекей арқылы ауыздан-ауызға таралу ең маңызды қоздырғыштың берілу жолы. Анадан (әже) нәрестеге (ауыз қуысында ұсатылған тамақты беру әрекеті) таралу ең көп кездеседі.

Гигиенаны жақсарту, зиянды гигиеналық әдеттерді өзгерту, жеке тамақтану (бөлек ыдыс-аяқ, ауызсу тазалығы), некеге дейін Hr скринингтен өту (жаңа үйленген отбасылардағы Hr инфекциясын жою үшін) сияқты шаралар Hr инфекциясының таралуын азайтады.

Еліміздегі Hr инфекциясының алдын алу және бақылау деңгейін арттыру, жұғуын азайту үшін мынадай аспектілерді қолға алу керек. 1. Қоғамның, медицина қызметкерлерінің, тиісті басқару орындарының Hr инфекциясы және соған байланысты аурулардың қаупі, сондай-ақ оның алдын алу шаралары туралы таным-түсінігін арттыру. 2. Отбасында жұқтыру қаупін төмендету үшін дұрыс гигиеналық әдеттерді қалыптастыру. 3. Тамақтануда ыдыс-аяқты бөлек қолдануды насихаттау. 4. Отбасында берілу механизміне байланысты некеден бұрын скрининг жүргізу, жұқтырған отбасы мүшелері уақытында ем алу. 5. Эрадикация көрсеткіштеріне сәйкес, науқастарға эрадикациялық емдеу жүргізу, бактерияның препаратқа төзімділігі жоғары болу жағдайын барынша азайту, алғашқы эрадикациялық емдеу нәтижесін жақсарту. 6. Асқазан обырының жиі кездесетін аймақтарындағы науқастарға, асқазан обырының қаупі жоғары науқастарға және стероид емес қабынуға қарсы препараттарды (ҚҚСП)/аспирин қабылдайтын науқастарға мерзімді скрининг жүргізу және эрадикациялық емдеу жүргізу. 7. Халықтың Hr инфекциясымен байланысты аурулардың қаупі туралы танымын кеңейтіп, клиникалық емдеуді стандарттау. Осы іс-шараларды іске асыру және насихаттау Hr инфекциясының алдын алуға және әртүрлі асқазанмен байланысты аурулардың, асқазан обырының пайда болуын төмендетуге көмек береді деген ойдамын.

Нұржанат ЕЖЕЙ,
медицина және денсаулық сақтау факультетінің 1-курс магистранты

Химия және химиялық технология факультетінде дәстүрлі республикалық пәндік олимпиада өтті. Еліміздің әр қаласында «Химия» бағдарламасы бойынша білім алатын студенттерден құралған 12 команда бақ сынасты.

Студенттер зертханада жұмыс істеп үйренді



Пәндік олимпиаданың «Аналитикалық химия» бөлімі бойынша бірінші және екінші кезеңін Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасы ұйымдастырды. Теориялық бөлімдегі есеп қолданбалы сипатта болды, ал практикалық бөлімде студенттер зертханада жұмыс істеу дағдысын шыңдады. Зертханалық кезеңде ұсынылған жұмыс жоғары деңгейде орындалды. Оның орындалуы мен жабдықтылығы қатысушылардың көңілінен шықты.

Бірнеше топ жүлделі орынға ие болды. Бас жүлде химия және химиялық технология факультетінің студенттерінен құралған «Жалын» тобының қанжығасына байланды.

Гүлжан БАДАВАМОВА,
Ақмарал ИСМАИЛОВА,
кафедра доценттері

Студенттік өмір естеліктерімен ерекше

Студенттік жылдар – өркімнің өміріндегі жарқын, қызықты және ұмытылмас әсерлер кезеңі. Бұл шақ энергияға, сезімдер мен эмоцияларға, қызықты идеялар мен жоспарларға, шығармашылық ізденіс пен оптимизмге толы болады. Бұл уақытты оның тұлғалық дамуы мен жетілу дәуірі деуге толық негіз бар. Студенттік шақ – шыжығынан қызығы көп кез...



теседі, оқу процесінің тиімділігін арттырады, белсенді өмірлік және азаматтық ұстанымды қалыптастырады, салауатты өмір салтының пайдасын насихаттайды, көпті көрген адамдармен пайдалы кездесулер өткізіп, дамудың жаңа сатысына өтуге ықпал етеді, өз уақытын бағалауға үйретіп, оқуды белсенділікпен шебер үйлестіру, сонымен қатар студенттердің талантын дамытуға қолғабыс жасайды.

Оқу жылының басында ҚазҰУ-дың барлық жастар ұйымдары университеттің шығармашылық өміріне қатысқысы келетін 1-курс студенттеріне тыңдау өткізеді. Өйткені сахна – әрбір таланттың қабілеті мен шығармашылығын дамыту үшін таптырмас тамаша орын. Білім ордасында жиналыстардан, студенттік науқандар мен шеберлік-сыныптардан бастап, ауқымды конференцияларға, концерттерге, байқауларға және медиа сүйемелдеуді қажет ететін жобаларға дейін көптеген түрлі

іс-шаралар өтеді. Оқу жылы ішінде университеттің жастар жобалары және студенттік бастамалар орталығы түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырады, концерттер қойылады.

Шығармашылық жобалардан басқа, университет студент жастардың зияткерлік қабілеттерін, эрудициясын, логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Мысалы, студенттер ғылыми қызметке, ғылыми жобаларды дайындауға, халықаралық ғылыми конференцияларда көкейкесті мәселелерді көтереді. Сондай-ақ студенттердің өмірін мәнді өткізуге өз үлесін қосады. Құрметті біздің студенттер және жас талапкерлер, студенттік өмірді тағылымды, қызықты һәм пайдалы өткізу өз қолыңызда.

Әлфия НҰРМҰХАНОВА,
аға оқытушы

Мәнсия ӘСЕМБАЕВА,
доцент

Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының 2-курс студенттеріне Батыс Еуропа әдебиеті пәні бойынша «Грек және Рим әдебиетінің жауһарлары» атты тақырыпта әдеби кеш өткізілді.

Грек-Рим әдеби жауһарлары таныстырылды



Сабақтың негізгі мақсаты – білім алушыларды ежелгі грек және рим дәуірінің ойшылдарымен тереңірек таныстыру. Тәлімгерлер грек және рим империясының өкілдері жайлы қызықты ақпараттарды баяндау студенттердің қызығушылығын оятуға түрткі болды.

Тақырыптың өзегіне бойлау үшін студенттер екі топқа бөлінді. Бірінші топ Эсхилдің «Прометейін», екінші топ Медеяның шығармасын мәнерлеп оқып, негізгі мағынасын, жазу стилін талдады. Студенттер өздеріне ерекше әсер еткен шығарманың үзіндісін қойылым ретінде көрсетіп, ой-

ларының ұшқырлығын танытты. Бірінші топ Тесей және Минотавр көрінісін, екінші топ Цезарьдың өлімі жайлы көріністі көрсетіп, көрермен қауымның тарихқа деген махаббатын оятты. Қойылым грек және рим әдебиетінде ең танымал трагедия жанрына негізделді. Әдеби кешке шетел филологиясының бірінші және екінші курс студенттері арасынан 40-қа жуық студент белсене қатысты.

Гүлсім ДАЙРАБЕКОВА,
Әсел БАЙЕЛІ,
Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының оқытушылары

Жастар психолог кеңесін тыңдады

Химия және химиялық технология факультеті ұстаздарының ұйымдастыруымен «Өз мамандығымды сүйемін» тақырыбы аясында өткен іс-шара барысында медициналық психология магистрі Айгүл Қарамановамен арнайы дәріс өтті.

Медициналық психолог Айгүл Алтайқызы өз тәжірибесімен, ақыл-кеңесімен бөлісіп, студенттердің көкейінде жүрген көп сауалға жауап берді. Бұл іс-шараға студенттермен бірге оқытушылар да келіп, білікті маманнан психологиялық ақыл-кеңес алды.

Айгүл Алтайқызы студенттерге өзіне ұнайтын мамандықты таңдау арқылы өмір бойы өз-өзіңді қамтамасыз ету үшін алдымен адам өзін танып, болмыс-бітімін мұқият зерттеп, зерделеу қажеттігін түсіндірді. Маман бұған қоса, қызығушылығыңды, бейімділігіңді, мінез сипаты мен физикалық мүмкіндіктеріңді жақсы зерделе, негізгі қасиеттерің бен байқалмайтын қасиеттеріңді анықтауға жұмылдырылуы қажеттігін атап өтті.

Дәрістің қызық болғаны соншалық – студенттер мен оқытушылар маманды ұйып тыңдады. Сан салалы сұрақтың



жауабын Айгүл ханымнан пікір таластыра отырып алды. Сөйтіп, білім алушылар өз өміріндегі қиындықтар мен кедергілерге қарсы күресіп, төтеп беру үшін өзінің ішкі күшін шоғырландыру қажеттігін түсінді. Кездесу соңында білім алушылар осындай дәрістің аса қажет екенін баса айтты.

Назым ЕЛІБАЕВА,
Юлия ЛИТВИНЕНКО,
химия және химиялық технология факультетінің оқытушылары

Мамандық таңдау - маңызды іс

Жетісу облысының Панфилов ауданы Лесновка ауылының түлектеріне қазір ҚазҰУ-да білім алып жатқан Аида Нұрғазы университетімізді таныстырды. Мақсат – оқушылардың мамандық таңдауға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру. Аида Нұрғазы оқу орнының білім беру жүйесін, ҚазҰУ қалашығы, факультет, студент ұйымдары туралы мағлұмат беріп, қосдипломдық білім беру жүйесі жайлы айтып өтті.



негізін қалаушысы. Кафедраның білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат жылу энергетикасы, стандарттау және сертификаттау, техникалық физика мамандықтарын дайындайды. Сонымен қатар осы мамандықтар бойынша магистратура, докторантура бар.

Осылайша студентіміз Аида Нұрғазы өзі таңдаған университеті мен мамандығы туралы мәлімет беріп, туған өлкесіндегі жас түлектерді оқу ордасына шақырды.

Эльмира ЗҮЛБҰХАРОВА,
аға куратор



мемлекеттік университеті құрылған күннен бастап жұмыс істеп келеді. Жалпы физика кафедрасының мұрагері және факультетіміздің басқа кафедраларының

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.